



www.tengizchevroil.com

ПРОГРЕСКЕ ЖІГЕРЛЕНДІРУ

2019 жылдың қорытындылары

МАЗМҰНЫ

Басшылықтың кіріспе сөзі	2
--------------------------	---

2019 жылдың негізгі көрсеткіштері	4
-----------------------------------	---

1 Денсаулық пен еңбекті қорғау	6
2 Қоршаған ортаны қорғау	8
3 Өндіріс	10
4 Қазақстан экономикасына үлес	12
5 Кадрларды дамытудың стратегиялық бағдарламасы	16
6 Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ)	18
7 Жергілікті қауымдастыққа инвестициялар	20

ТШО БАСШЫЛЫҒЫ



Кәмшат Байжанова
Адам ресурстар басқармасының бас менеджері



Мұрат Мұқашев
Бас директордың орынбасары



Имер Боннер
Бас директор



Джек Бэймер
Өндіріс бас менеджері



Мик Крейли
ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасының директоры



Рзабек Артығалиев
Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері



Райгүл Джетписова
Қаржы бөлімінің бас менеджері




Кевин Каснер
Жобалар бөлімінің бас менеджері



Қалыбек Мұханов
Стратегиялық жоспарлау және талдау бөлімінің бас менеджері



Мұрат Мұңбаев
Маркетинг және тасымалдау бөлімінің бас менеджері



Әсет Құрманбаев
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің бас менеджері



Дэн Уедлейн
ӨО/ҚТ және ҚОЖ бөлімінің бас менеджері

БАСШЫЛЫҚТЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Құрметті оқырмандар,

Сіздердің назарларыңызға «Теңізшевройл» ЖШС-нің (ТШО) 2019 жылдың қорытындылары бойынша шолуды ұсынамыз.

Ширек ғасырдан астам уақытта біздің мақсатымыз Қазақстан Республикасының дамуына үлес қосу болып келді және солай болып қала бермек. Біз бұған өндірісіміздің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы, акционерлеріміз, қызметкерлеріміз бен біз

жұмыс жасайтын қауымдастықтар алдындағы міндеттерімізді бұлжытпай орындау арқылы қол жеткіземіз.

Өткен жылы біз қызметіміздің тиімділігін арттыруға көп күш салдық. Зауыттар сенімділігінің қажетті деңгейін және бұрғылау бағдарламасын сәтті жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, өндірісте рекордтық көрсеткіштерге қол жеткіздік. Біз Теңіз кен орнын кеңейту жөніндегі

келесі ірі жоба, Келешек кеңею жобасы - Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасының негізгі кезеңдерін еңсердік. Сонымен қатар, сандық технологияларға көшу жұмыстарын жалғастырып келдік.

Компаниямыздың 2019 жылғы жетістігі біздің дарынды қызметкерлеріміздің адалдығының арқасында мүмкін болды. Біздің қызметкерлеріміздің ТШО-ның мүдделі тараптар

алдындағы міндеттемелерді орындауға күш-жігері «ТШО сара жолында» көрсетілген құндылықтарға негізделеді. Бұл құндылықтар біз кәсіпорын ретінде кім екенімізді және

шаруашылығымызды қалай жүргізіп отырғанымызды анықтайды. Біз әрқашан әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаттары негізінде әрекет етуге және өз жұмысымызды

үнемі жақсартуға ұмтыламыз.

ТШО-ның 2019 жылғы негізгі көрсеткіштері төменде келтірілген:

136 млн

ТШО мен мердігер ұйымдар қызметкерлері жұмыс күндерін шығындайтын оқиғалар (ЖКШО) бойынша төмен коэффициентпен **136 миллионнан** астам адам-сағат атқару арқылы қауіпсіздік техникасы бойынша әлемдік деңгейдегі көрсеткішке қол жеткізді.

29,8 млн

Мұнай өндіру көлемі рекордтық **29,8 миллион** тоннаға жетті.

96,5%

Өндіріс тиімділігі рекордтық **96,5%-ды** құрады.

9 400 маман

2019 жылдың қыркүйек айында **9 400-ге** жуық маман ТШО тарихындағы ең ірі және ауқымды жыл сайынғы күрделі жөндеуді қауіпсіз аяқтады.

10,6 млрд

Қазақстан Республикасына төленген тікелей қаржы көлемі **10,6 миллиард АҚШ доллардан** асты.

4,6 млрд

ТШО қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға **4,6 миллиард АҚШ доллар** жұмсады, бұның 3,25 миллиард АҚШ доллардан астамы Келешек кеңею жобасы - Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) жүзеге асыруға бағытталды.

8 жоба

ТШО Атырау облысында **сегіз маңызды әлеуметтік инфрақұрылым жобасын сәтті аяқтады**. Сонымен бірге, Атырау және Маңғыстау облыстарында әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы сәтті түрде жалғасын тапты.

Келешек кеңею жобасы-Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ) әлем бойынша және Теңіз кен орнында қарқын алып, нақты нәтижелерге қол жеткізуде. ККЖ-ҰЕҚБЖ – мұнай және газ өндіру көлемін арттыру, мұнай кен орнын игерудің жаңа технологиясын енгізу, жергілікті тауарлар мен қызметтерді пайдалану және жұмыс орындарын ашу арқылы Қазақстан Республикасына елеулі пайда әкелетін

ұлттық маңызға ие жобасы болып табылады. 2019 жылдың соңына қарай жобаның жүзеге асу көлемі 74%-дан асты.

Біздің 2019 жылғы жұмысымыздың нәтижелері бізге Қазақстан Республикасы, акционерлеріміз, қызметкерлеріміз және біз тұратын және жұмыс істейтін қоғамдастықтар алдындағы міндеттемелерімізді орындауға мүмкіндік берді. 2020 жыл ТШО үшін жаңа белестерді бағындыруға

және компанияның әлемдік нарықтағы ең қауіпсіз, тиімді әрі пайдалы мұнай-газ кәсіпорнына айналу жолындағы қадамдарын жүзеге асырудың мүмкіндігі болып табылады.

Қосымша ақпаратты www.tengizchevroil.com сайтынан алуға болады

2019 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ӨНДІРІС

Мұнай өндіру –
29,8 млн тонна

ӨНДІРІС СЕНІМДІЛІГІ

2019 жылдың қыркүйегінде ТШО тарихындағы ең ірі және ауқымды күрделі жөндеу жұмыстары қауіпсіз және кестеден екі күн ерте орындалды

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Жұмыс жасалған адам-сағат саны – **136 млн**

Жалпы жүрілген жол –
209 млн км

КЕЛЕШЕК КЕҢЕЮ ЖОБАСЫ – ҰҢҒЫ ЕРНЕУІНДЕГІ ҚЫСЫМДЫ БАСҚАРУ ЖОБАСЫ

2019 жылдың соңына қарай жобаның жүзеге асу көлемі **74%-дан асты**

74%

Аяқталған жобалау жұмыстар көлемі **97%-дан асты**

97%

Жоба басынан бері қазақстандық қамтуға жұмсалған қаржының жалпы көлемі **8,4 млрд АҚШ долларды** құрады

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

ТШО-да өндірілген газды кәдеге жарату **98.7%**

98.7%

2019 жылы су ресурстарын қайта пайдалану **40%**

40%

2019 жылы қалдықтарды қайта өңдеу **64%**

64%

ӨНІМДЕРДІ САТУ

Сұйытылған көмірсутекті газ (СКГ) – **1,3 млн тонна**

Құрғақ газ – **7,9 млрд м³**

Күкірт – **2,6 млн тонна**



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУЫ

Шет елдердегі және ел ішіндегі іссапарға жіберілген қызметкерлер саны – **51**

ТШО-ның негізгі өндірісіндегі қазақстандық қызметкерлер саны – **89%**



ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасын қоса алғанда ТШО-ның қазақстандық қызметкерлері – **80%**







Қазақстандық супервайзерлер/менеджерлер – **80%**



2007 жылдан бастап басшы және техникалық лауазымдарда шетелдік әріптестерін алмастырған қазақстандық азаматтардың саны – **198**

ТШО-ның 2008 жылдан бастап қазақстандық қызметкерлердің дамуына қосқан үлесі – **80 млн АҚШ доллар**

тшо



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚҚА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

1993 жылдан бері ТШО әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында Атырау облысында әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларға **1,9 млрд АҚШ доллардан** астам қаражат жұмсады

2019 жылы аяқталған инфрақұрылымды дамытуға арналған жобалар саны – **8**

«Игілік» бағдарламасының 2019 жылғы бюджеті – **25 млн АҚШ доллар**

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының 2019 жылғы бюджеті – **более 2 млн АҚШ доллар**

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ҮЛЕС

Қазақстандық қамтуды арттыруға жұмсалған қаржы көлемі – **4,6 млрд АҚШ доллар**

Республикаға төленген жалпы қаржы көлемі – **10,6 млрд АҚШ доллар**



01

ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ТШО өнеркәсіптік қауіпсіздіктің стандартты өлшемдерінде, мысалы, Жұмыс күндерін шығындайтын оқиғалар (ЖКШО) және Жалпы тіркелген оқиғалар (ЖТО) сияқты өлшемдер бойынша тамаша көрсеткіштерге қол жеткізуді жалғастыруда.



Жұмысты қауіпсіз орындау ТШО-ның басты құндылығы және әрбір қызметкердің міндеті болып табылады. Біз технологиялық үрдістердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, сондай-ақ өлім жағдайларын болдырмау тұжырымдамасы шеңберінде корпоративтік шараларды іске асыруда айтарлықтай ілгеріледік.

Біздің қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету біздің басымдылығымыз болып қала бермек. 2019 жылы ТШО жұмыс күндерін шығындайтын оқиғалар (ЖКШО) бойынша төмен коэффициентпен 136 миллион адам-сағаттан астам жұмыс істеп, автокөліктермен рекордты **209 млн км-ден астам жол жүрді.**



0 оқиға

2019 жылы ТШО қызметінің тарихында алғаш рет 1-деңгейлі жабдық бүтіндігінің бұзылу жағдайы болмаған ең ұзақ уақыт тіркелді.



02

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қоршаған ортаны қорғау кәсіпорынның негізгі құндылықтарының бірі болып табылады және біз экологиялық шараларымыз бен ҚР экологиялық нормаларының талаптарын сақтау бойынша міндеттемелерімізге үлкен жауапкершілікпен қараймыз.

ТШО қоршаған ортаны қорғауды басқару және табиғатты тиімді пайдалану (ҚОҚБ және ТТП) процесін енгізді. Ол экологиялық көрсеткіштерді жақсартуға және активтердің барлық жұмыс істеу кезеңі ішінде қоршаған ортаға әлеуетті әсерді азайтуға жүйелі, әдістемелік көзқарасты қамтамасыз етеді. ҚОҚБ және ТТП процесі әлеуетті әсерлерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді және өндірістік операцияларды жоспарлау барысында қоршаған ортаға әсерді реттеуді жақсарту мүмкіндіктерін анықтайды.

ҚОҚБ және ТТП процесін, соның ішінде қоршаған ортаға, әлеуметтік-экономикалық салаға және денсаулыққа әсерді бағалау процесін, сондай-ақ Табиғи ресурстарды реттейтін нормаларды және үшінші тараптардың қалдықтарды басқару стандарттарын бірізді және жүйелі түрде енгізу ТШО үшін оның ең үздік экологиялық

көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатына қарай жылжуын жалғастыруға ықпал етеді.

2000 жылдан бері ТШО Теңіздегі қоршаған ортаға әсерді барынша төмендетуге бағытталған жобаларға 3,1 миллиардтан астам АҚШ доллар жұмсады. Бұл инвестициялар ТШО-ға газды алауда жағуды және ауаға тасталатын шығарындылар мөлшерін қысқартуға, сарқынды суды тазалауды жақсартуға және суды қайта пайдалану мөлшерін арттыруға мүмкіндік берді.

73%

Өндірілген мұнай тоннасына шаққандағы шығарындылардың жалпы меншіктік мөлшері 73%-ға азайды

98,7%

Қазіргі таңда ТШО өндірілген газдың 98,7%-ын кәдеге жаратады.


40%

2019 жылы суды қайта пайдаланудың жалпы көлемі 40%-ды құрады. ТШО су ресурстарын пайдалануды басқару бойынша түрлі жобаларды белсенді түрде іске асыруда.

64%

ТШО қатты қалдықтардың 35-тен астам түрін өңдеуге жібереді. 2019 жылы қалдықтарды басқару деңгейі 64%-ды құрады.

2000 жылдан бері өндірілген мұнай тоннасына шаққандағы шығарындылардың жалпы меншіктік мөлшері **73%-ға азайды**.



03

ӨНДІРІС

29,8 МЛН

ТШО-ның өндірістік көрсеткіштері жоғары деңгейде болып, өндірілген **мұнайдың рекордты көлемі 29,8 миллион** тоннадан асты.

96,5%


Зауыттардың сенімділігі жоғары деңгейде сақталып, өндіріс тиімділігі **96,5%**-ды құрайды. Бұл зауыт жабдықтарының тұтастығы мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған күрделі жөндеу жұмыстарына салынған инвестициялардың арқасында мүмкін болды.

9 400

маман

2019 жылдың қыркүйегінде **9 400-ге жуық маман** күрделі жөндеуді сәтті және қауіпсіз аяқтады. КТЖ зауытының күрделі жөндеу жұмыстары кестеден 2 күн бұрын, бюджет аясында және ауыр жарақатсыз аяқталып, ТШО тарихындағы ең ірі күрделі жөндеу науқаны болды.





04

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ҮЛЕС

Біздің стратегиялық міндетіміз – ТШО серіктестері мен Қазақстан Республикасы үшін құндылықтар жасау. Ел алдындағы міндеттерімізді орындау үшін үнемі ұмтылып, экономикалық прогреске және елдің болашағына өз үлесімізді қосып келеміз.

146 млрд

1993 жылдан бастап ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей қаржы төлемдері **146 миллиард АҚШ доллардан** астам соманы құрап, сондай-ақ **1,9 миллиард АҚШ доллары** қызметкерлерді шыңдау бағдарламаларына және әлеуметтік бағдарламаларға, оның ішінде **300 миллион АҚШ доллардан** астам қаржы әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға жұмсалды.

10,6 млрд

2019 жылы ТШО-ның Қазақстанға төлеген тікелей қаржы көлемі **10,6 миллиард АҚШ доллардан асты.**





Қазақстандық тауарлар мен қызметтерге жұмсалған қаражат

4,6 млрд

Қазақстандық қамту бойынша шығындар 2019 жылы **4,6 миллиард АҚШ доллардан** асып, рекордтық көрсеткішке жетті.

Компания Қазақстанға инвестиция салатын негізгі жабдық өндірушілермен жұмыс жасауда, сонымен қатар жергілікті машина жасау саласын қолдауға бағытталған инвестицияларында айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Тұрақты жергілікті компаниялардың экономика мен қоғамға пайда әкелетініне сенеміз, сондықтан да жергілікті мекемелердің мүмкіндіктері мен табыстарының дамуына қолдау көрсетіп отырамыз.

32,9 млрд

1993 жылдан бастап қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға төленген қаржы **32,9 миллиард АҚШ доллардан асты.**

ТШО қазақстандық компаниялармен бірлескен кәсіпорындар құруға және ұлттандыру мен жергілікті


тауарлар мен қызметтердің көздерін іздеуге ынталандыруға шақыру арқылы аймақтағы индустрияландыру шараларын қолдауды және халықаралық өнімдерді жергіліктендіруді өзінің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады.

ТШО Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің машина жасау саласындағы бастамасының белсенді қатысушысы болып табылады. Компания жергілікті өндірушілерге ТШО-ның өндірістік қажеттіліктері мен техникалық сипаттамаларын қанағаттандыратын ақпарат пен қажетті қолдау көрсетеді.

Сонымен қатар, ТШО Қазақстан Республикасымен тауарлар мен қызметтерді дамыту саласында белсенді жұмыс жасайды. Бұл қолдауға мыналар кіреді: ТШО-ға тауарлар жеткізу үшін 75-тен астам жаңа жергілікті компаниялардың әлеуетін дамыту және қолданыстағы жеткізушілермен (100-ден астам компания) қазақстандық қамтуға, ұлттандыруға, оқытуға және жергілікті сатып алуға бөлінетін инвестицияларды арттыру мақсатында қазақстандық қамтуды дамыту жоспарларын әзірлеу.

\$15 млрд

ТШО-ның ҚР экономикасына
үлесі: ТШО-ның 2015-2019 жж.
аралығындағы облыстар
бойынша ҚҚ шығындары
(млн АҚШ доллар)



05

КАДРЛАРДЫ ДАМУДЫҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

80%

Бүгінгі таңда компанияда жергілікті мамандардың үлесі шамамен **89%**-ды, ал қазақстандық басшылар үлесі жалпы басшылар санының **80%**-ын құрайды.

2 000

2019 жылы компанияның **2 000-нан астам** қызметкері оқыту және жетілдіру бағытындағы түрлі бағдарламаларға қатысты.

198

Ұлттандыру мәселесі басты назарда: **2007 жылдан бері 198** қазақстандық қызметкер негізгі техникалық (87) және басқарушы (111) лауазымдарындағы шетелдіктерді ауыстырды.

ТШО қызметкерлерінің әлеуетін дамыту мүмкіндіктерін кеңейтті. Тағылымдамадан өту үшін халықаралық және жергілікті тағайындауларға жіберілген қызметкерлер саны **41-ден 51 адамға** дейін өсті. Қызметкерлер Филиппин, Қытай, Қазақстан, Оңтүстік Корея, АҚШ және Ұлыбритания сияқты елдерге жіберілді. 1993-2019 жылдар аралығында компанияның **350-ден астам қызметкері** «Шеврон» корпорациясының түрлі құрылымдық бөлімшелерінде шетелдік тағылымдамадан өтті.

43%

2019 жылы ТШО қызметкерлерді медициналық сақтандырудың жаңа бағдарламасын іске қосты. Осылайша, **қызметкерлердің денсаулығын сақтандыру бағдарламасы бюджетін 43%-ға өсіріп**, «Премиум» санатындағы жаңа қызметтерді ТШО-ның барлық қызметкерлеріне және олардың отбасыларына қол жетімді етті. «Премиум» бағдарламасының барлық шығындарын компания өтейді, ал қызметкерлер тек табыс салығын төлейтін болады.

350-ден астам

қызметкер 1993 жылдан бері «Шеврон» корпорациясының түрлі құрылымдық бөлімшелерінде шетелдік тағылымдамадан өтті


198

қазақстандық қызметкер 2007 жылдан бері негізгі техникалық және басқарушы лауазымдардағы шетелдіктерді алмастырды


2 000-нан астам

қызметкер оқыту және жетілдіру бағытындағы түрлі бағдарламаларға қатысты

ТШО-ның негізгі өндірісіндегі қазақстандық қызметкерлер



ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасын қоса алғанда ТШО-ның қазақстандық қызметкерлері



■ Қазақстандықтар
■ ТМД азаматтары
■ Шетелдіктер

Шет елдердегі және ел ішіндегі іссапарға жіберілген қызметкерлер саны - 51



06

**КЕЛЕШЕК КЕҢЕЮ ЖОБАСЫ – ҰҢҒЫМА
ЕРНЕУІНДЕГІ ҚЫСЫМДЫ БАСҚАРУ ЖОБАСЫ****39** МЛН

Келешек кеңею жобасы (ККЖ) – Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ҰЕҚБЖ) – Теңіздегі өндірісті кеңейту және Теңізде қолданыстағы құрылғылардың толық пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында бірге жүзеге асырылатын екі бірлескен жоба. Әлемдік энергетикадағы ең ірі жобалардың бірі болып табылатын ККЖ-ҰЕҚБЖ Теңіз кен орнындағы мұнай өндірісін жылына шамамен 12 млн тоннаға арттырады, бұл өз кезегінде ТШО-ның жалпы өндірісін жылына **39 млн тоннаға дейін арттырады.**

ККЖ-ҰЕҚБЖ қазақстандық тауарларды, қызметтерді кеңінен қолдану және жаңа жұмыс орындарын құру арқылы Қазақстанға қосымша пайда әкеледі. Жоба барысында қызметкерлерге оқыту бағдарламаларын таңдау ұсынылады, сонымен қатар жергілікті кәсіпорындардың әлеуеті мен мүмкіндіктерін құра отырып, Қазақстан еліне жаңа мұнай кәсіпшілігінің технологиялары мен инженерлік шешімдер енгізіледі.



ЖОБАНЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ІЛГЕРІЛЕУІ

2019 жылы жобаның
ілгерілеу көрсеткіші **74%-дан асты**

74%

60 млн

ТШО-ның ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасын қауіпсіз іске асыру міндеттемесі өзгеріссіз қалады. Кәсіпорынның қауіпсіздік техникасына қатысты шектеулер аясында 2019 жыл сәтті болды – біз **60 миллион** адам-сағатқа қол жеткіздік.

41 000

Қазіргі таңда ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасында **41 000-нан астам қазақстандық азамат** еңбек етеді, бұл Қазақстандағы жалпы жоба қызметкерлері санының **91%-ын құрайды**.

8,4 млрд

ТШО ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасы жобалау, сатып алу және құрастыру қызметі саласында жұмыстар атқару үшін қазақстандық кәсіпорындарды шақырады. Жоба басынан бері қазақстандық қамтуға **8,4 миллиард АҚШ доллар** жұмсалды.



07

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚҚА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

ТШО-ның негізгі құндылықтарының бірі – әлеуметтік жауапкершілік қағидатын ұстанатын және өзіміз жұмыс істейтін қоғамның дамуына инвестиция салатын бизнес түрін жүргізу.

1,9 млрд

1993 жылдан бастап ТШО қоғам мен оның қызметкерлерінің мүддесі үшін Атырау облысындағы әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларға **1,9 миллиард АҚШ доллардан** астам қаржы жұмсады.

«Игілік» ерікті әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламасы

Атырау облысының әкімдігімен бірлескен жұмыстың арқасында ТШО «Игілік» бағдарламасы аясында қоғамның игілігі үшін қомақты қаржы ресурстарын бөлуді жалғастыруда.

инвестицияланды, **96** жоба жүзеге асырылды, **1 000**-нан астам жаңа жұмыс орны ашылды.

25 млн

2019 жылы ТШО «Игілік» бағдарламасы аясында қосымша **25 миллион АҚШ доллар** бөлі. Бұл қаржы Атырау облысының аумағында мектеп, балабақша және басқа да әлеуметтік нысандар салуға бағытталған.

300+ млн

1999 жылдан бастап «Игілік» бағдарламасы аясында **300 миллион АҚШ доллардан** астам қаржы

2019 жылы «Игілік» бағдарламасы аясында аяқталған жобалар

Бөдене ауылындағы мәдениет үйі (200 орын)

Есбол ауылындағы мәдениет үйі (300 орын)

Атырау қ., Жұлдыз ы.а. мектеп (624 орын)

Майкөмген ауылындағы балабақша (100 орын)

Майкөмген ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені

Құлсары қаласындағы Құрсай өзенін тазалау/жағажай салу

Атырау энергетика және құрылыс колледжінің студенттеріне арналған жатақхана (100 орын)

Доссор ауылындағы балабақша (280 орын)

Атырау және Маңғыстау облыстары тұрғындарын жұмысшы мамандықтары бойынша оқыту бағдарламасы

2019-2020-2021

950 жұмыссыз азаматты оқыту жоспарлануда

2-3 ай оқу мерзімі

30%
теория

70%
практика



2019 жылы
420
адам оқуды аяқтады

Өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді бағдарламасын қолдау мақсатында ТШО Атырау және Маңғыстау облыстарының жұмыссыз тұрғындарына жұмысшы мамандықтары бойынша оқыту бағдарламасын ұйымдастырды. 2019-2020 жылғы кезең ішінде Атырау және Маңғыстау облыстары әкімдіктерімен келісу арқылы Атырау облысының жұмыссыз жүрген тұрғындары арасынан **700 адамды**, Маңғыстау облысының жұмыссыз азаматтары санынан **250 облыс тұрғынын** оқытудан өткізу жоспарлануда.

Атырау және Маңғыстау облыстарының жұмыссыз тұрғындарын даярлау және оқыту Ақтау және Атырау

қалаларындағы оқыту орталықтарының негізінде ұйымдастырылды. Қазіргі таңда осы мақсатта бағдарламаға «Атырау Петротекник жоғары колледжі» (АПЕК) мен Ақтау оқу орталығы тартылды. Аталған бағдарламаға қабылдау жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, жұмысты қамту орталықтары арқылы жүргізілуде. Бейінді мамандыққа байланысты оқу **2 айдан 3 айға дейін** созылады, оның 30%-ы теориялық бөлімнен тұрады, ал 70%-ы тәжірибелік сабақтарға арналады. ТШО тұрғын жаймен және үш мезгіл тамақтандырумен қамтамасыз етеді, сондай-ақ, тәжірибелік сабақтарға арналған оқу материалдарын сатып алуға қолдау көрсетеді. Оқыту

алты мамандық бойынша жүргізілуде: құбыр монтаждаушы, электр монтаждаушы, металл конструкцияларын монтаждаушы, жүк ілуші, құрылыс сатыларын монтаждаушы, құрылыс конструкцияларын дәнекерлеуші.

В2019 жылы Атырау облысында аталмыш бағдарламаның бірінші ағымы аясында **196 адам оқуды аяқтап**, бекітілген үлгідегі сертификаттар алды. Ал Маңғыстау облысында 2019 жылдың шілдесінен желтоқсанына дейінгі кезеңде бірінші және екінші ағымы аясында **224 облыс тұрғыны оқуды аяқтады**. Оқыту бағдарламасы 2020 жылы да өз жалғасын табады.



Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы

2010 жылы бастау алған Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы Атырау облысының денсаулық сақтау және білім беру салаларын, сонымен қатар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған ТШО-ның бастамасы. Аталмыш Бағдарлама 2018 жылдан бастап Маңғыстау облысында да жүргізіліп келеді.

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының басты бағыттары:

ТШО және қоғам игілігі үшін азаматтардың және мекемелердің әлеуетін арттыру



Білім беру, оқыту және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қолдау көрсету



Салауатты өмір салтын насихаттау және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған шараларды қолдау



Экологиялық сауаттылық және экологиялық бастамаларды қолдау



2010-2019

80 жоба
\$9 млн

2010-2019 жылдар аралығында ТШО үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) бірлесе отырып, жалпы құны 9 миллион АҚШ доллардан асатын 80-нен астам жобаны жүзеге асырды

2019

16 жоба
\$2 млн

Тек 2019 жылдың өзінде ТШО Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының серіктестерімен бірге Атырау және Маңғыстау облыстарында құны 2 миллион АҚШ доллардан асатын 16 әлеуметтік жобаны жүзеге асырды.

ТШО-ның 2019 жылғы демеушілік қызметі

ТШО Атырау облысына демеушілік көрсетіп келеді. Бұған жақында Маңғыстау облысы да қосылды.

Төменде 2019 жылы көрсетілген демеушіліктің бірнеше мысалдары келтірілген:

2019 жылдың ақпан айында ТШО Жылыой аудандық ауруханасына 1 миллион АҚШ доллардан астам сомаға медициналық жабдықтар мен жедел жәрдем машиналарын сыйға тартты.



2019 жылдың наурыз айында ТШО жалпы құны 5 миллион АҚШ доллардан асатын 50 жолаушылар автобусын Атырау облысының қажеттіліктері үшін сатып алды.



2019 жылдың мамыр айында Маңғыстау облысының Боранқұл ауылында екі футбол алаңы сыйға тартылды.




2019 жылдың тамыз айында Маңғыстау облысының «Қызылсай» өңірлік табиғи паркіне арнап жабдықтар, соның ішінде дрондар, рациялар, дүрбілер, фото-тұзақтар және вагон-үйлер сатып алынды.





2019 жылдың тамыз айында Маңғыстау облысы, Құрық ауылының №1 мектебіне арналған роботтық техника жабдығын сыйға тартылды.




Бас кеңсе


 Қазақстан Республикасы
060011 Атырау қ., Сатпаев көшесі, 3


 Телефон:
+7 712 227 1212
+7 712 302 6000

 Факс:
+7 712 302 6752

 Email:
tcoinfo@tengizchevroil.com

БАҚ сұрақтары

 Телефон:
+7 712 302 6819

 Email:
tcoinfo@tengizchevroil.com



Тенізшевройл, 2020
www.tengizchevroil.com